



## ТАРИХТАН ТАМЫР ТАРТҚАН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістанға мемлекеттік сапармен барды. Пәкістанның шекарасына енгеннен бастап Әскери әуе күштерінің ұшақтары Қазақстан Президенті мінген бортпен қапталдасып ұшты.

Мемлекет басшысын Исламабад әуежайында Президент Асиф Али Зардари мен Премьер-министр Шахбаз Шариф қарсы алды. Мәртебелі мейманның келуіне орай Құрмет карауылы сап түзеп, зеңбіректен 21 мәрте оқ атылды. Сондай-ақ Қазақстан мен Пәкістанның туларын ұстаған балалар Қасым-Жомарт Тоқаевқа қошемет көрсетті.

### КЕЛІССӨЗДЕРДІҢ АУҚЫМЫ КЕН

Сапар аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Премьер-министр Шахбаз Шариф әуелі шағын құрамда келіссөз жүргізді. Келіссөздерден бұрын Пәкістан Премьер-министрінің резиденциясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевты ресми қарсы алу рәсімі өтті.

Мемлекет басшысын Премьер-министр Шахбаз Шариф күтіп алды. Қазақстан Президенті мен Пәкістан Премьер-министрі суретке түскен соң екі елдің мемлекеттік әнұрандары орындалды. Содан кейін Құрмет карауылының бастығы рапорт берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шахбаз Шариф бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Қарсы алу рәсімінен кейін Қазақстан Президенті Пәкістан Премьер-министрінің резиденциясы аумағында ағаш отырғызды.

Бұдан соң екі ел басшылары келіссөз залына барды. Тараптар соңғы жылдары Қазақстан мен Пәкістан арасында көпжоспарлы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты нығайтудың перспективті бағыттарын талқылады.

Кездесу барысында сауда, көлік-логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, ғарыш және қаржы салаларындағы қарым-қатынасты тереңдету мәселесіне баса назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шахбаз Шариф өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Осыдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шахбаз Шарифтің келіссөздері екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда жалғасты.

Президент Исламабадқа келіп, Пәкістанның бай тарихымен, мәдени мұрасымен және ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерімен танысуды зор мәртебе санайтынын атап өтті.

— Қазақстан Президенті ретінде Пәкістанға бірінші рет мемлекеттік сапармен келіп отырмын. Бұл сапар тарихи мәнге ие және уақыт тезінен өткен серіктестігіміздің маңызды кезеңі саналады. Мен бұған сенімдімін. Халықтарымыздың Жібек жолы арқылы және кең таралған ислам өркениеті аясында ғасырлар бойы қалыптасқан достығын жоғары бағалаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы аталған сапар дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына 34 жыл толуымен тұспа-тұс келгеніне тоқталып, мұның символдық мәніне назар аударды. Президенттің айтуынша, Пәкістан — Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бері Оңтүстік Азиядағы маңызды әрі сенімді серіктесі.

Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойылған Стратегиялық серіктестік орнату туралы бірлескен декларация өзара ықпалдастыққа жол ашатын маңызды тарихи межені айқындайтынын айтты.

Мемлекет басшысының пікірінше, Астана мен Исламабад екіжақты байланыстар мен ынтымақтастыққа тың серпін беретін мүмкіндікке ие.

Президент Пәкістанға үлкен делегациямен және сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастықты, сондай-ақ басқа да басым салалардағы ықпалдастықты арттыруға бағытталған нақты ұсыныстармен келгенін атап өтті.

Кездесуде көлік бағыттары өзара ұштастыруға ерекше мән берілді. Бұл — Қазақстанның негізгі басымдықтарының бірі. Еліміз Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстікті жалғайтын тоғыз жолдың торабында орналасқан. Президенттің айтуынша, Қазақстан Орталық Азия елдерімен үйлесімді қарым-қатынас жасау арқылы көлік-логистика саласындағы нақты жобаларды жүзеге асыруды жалғастырады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан Премьер-министрін Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды.

Сондай-ақ уағдаластықтардың жүзеге асырылуын пысықтау және екіжақты қарым-қатынасты нығайтудың алдағы қадамдарын айқындау үшін мәртебелі мейманды биыл қарсы алуға дайын екенін жеткізді.

Кездесуде атап өтілгендей, Қазақстан мен Пәкістанның көпжақты алаңдарда, соның ішінде БҰҰ, ШЫҰ және басқа да ұйымдар аясында тығыз ықпалдастықты жалғастыруы маңызды.

Шахбаз Шариф Қазақстан Президентін Исламабадта ыстық ықыласпен қарсы алды.

— Елімізге арнайы уақыт тауып келгеніңіз үшін Сізге алғыс айтамыз. Пәкістан халқымен, Үкіметімен бірге Сізді қарсы алғаныма қуаныштымын. Қазақстан — біздің стратегиялық серіктесіміз. Достығымызды нығайтып, экономиканың түрлі бағыттарында, саясат, қорғаныс салаларында сенімді серіктестік орнату, сондай-ақ сауда дөлзілерін қалыптастыру мақсатында Қазақстан Үкіметімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істегіміз келеді. Бұған күмәніңіз болмасын, — деді Премьер-министр.

Шахбаз Шарифтің айтуынша, Пәкістан мен Қазақстанның сауда-экономикалық ынтымақтастықты, соның ішінде энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, цифрландыру салаларындағы серіктестікті дамытуда әлеуеті жеткілікті. Премьер-министр екіжақты қарым-қатынастың барлық бағыты бойынша нақты әрі елеулі прогресс қажет екеніне назар аударды.

Келіссөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шахбаз Шариф екі ел халықтарының игілігі үшін сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге мүдделі екенін растады.

### САЛАЛАР БІРЛЕСЕ ДАМЫТЫЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Премьер-министр Шахбаз Шариф Қазақстан Республикасы мен Пәкістан Ислам Республикасы арасында стратегиялық серіктестік орнату туралы бірлескен декларацияға қол қойды. Оның ішінде Тау-кен өнеркәсібі және геология ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум; БҰҰ миссияларында бітімгерлік бөлімшесі (бөлімшелерін) бірлесіп өрістету жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум; Экстрадициялау туралы шарт секілді бірқатар маңызды құжаттар бар. Салтанатты іс-шарада Қасым-Жомарт Тоқаевтың Пәкістанға мемлекеттік сапары барысында бұдан бөлек тағы 18 құжатқа қол қойылғаны жөнінде хабарланды.

Бұдан соң Мемлекет басшысы Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шарифпен жүргізген келіссөздерінің қорытындысы бойынша БАҚ өкілдерінің алдында сөз сөйледі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістанға мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны үшін Премьер-министр Шахбаз Шарифке алғыс айтып, казак делегациясын қонақжайлықпен қарсы алған Пәкістан халқына ризашылығын білдірді. Сондай-ақ тарихи терең, мәдениеті бай, халықаралық сахнадағы беделі биік бауырлас Пәкістанға келгеніне қуанышты екенін жеткізді.

— Пәкістан — Қазақстанның Оңтүстік Азиядағы және одан тысқары жерлердегі сенімді әрі маңызды серіктесі. Халықтарымызды Ұлы Жібек жолынан бастау алған тағдырлы байланыс пен мәдени-рухани сабақтастық жалғап келеді. Біздің құндылықтарымыз бен дәстүрлеріміз үндес, ниетіміз бен тілегіміз ортақ, мұратымыз бір. Үкіметтеріміз бен іскерлік орта деңгейінде сындарлы саяси диалог, орнықты экономикалық қатынастар қалыптасып, жүйелі түрде нығаюда. Бүгін қадірлі Премьер-министр мырзамен тарихи құжатқа — Қазақстан мен Пәкістан арасында стратегиялық серіктестік орнату туралы бірлескен декларацияға қол қойдық. Бұл құжат өзара байланыстарды жаңа деңгейге көтеруге, сондай-ақ екіжақты және көпжақты күн тәртібінің барлық спектрі бойынша ынтымақтастықты кеңінен дамытуға жол ашады. Елдеріміз арасындағы достық қатынастарды және өзара тиімді ықпалдастықты тереңдетуге Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф айтарлықтай зор үлес қосты. Сол үшін оған алғыс айтамын, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шахбаз Шарифті елін алға батыл бастаған көреген қожабасы деп атады. Оның келешекке бағдарланған саликалы саясат жүргізуінің арқасында Исламабадтың аймақтағы және әлемдегі беделі жылдан жылға артып келеді.

(Жалғасы 2-бетте)

## ҚОС ХАЛЫҚТЫҢ ӨРКЕНДЕУІ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАДАМ



Мемлекет басшысы Пәкістанға мемлекеттік сапары аясында Президент Асиф Али Зардаримен келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Исламабад қаласында өзіне және Қазақстан делегациясына қонақжайлық көрсеткені үшін Асиф Али Зардариге алғыс айтып, сапардың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті.

Президент отыз жылдан астам уақыт ішінде Қазақстан мен Пәкістан мазмұнды саяси диалог өрбітіп, түрлі салада екіжақты ынтымақтастықты дәйекті түрде нығайтып келе жатқанына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Қазақстан — жер аумағы мен экономикалық әлеуеті тұрғысынан Орталық Азиядағы ең ірі ел. Ал Пәкістан Оңтүстік Азия, Орталық Азия, сондай-ақ Таяу Шығыс түйіскен тұста тиімді орналасқан. Бұл — ұзақмерзімді стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін маңызды геосаяси артықшылық.

Мемлекет басшысы Премьер-министр Шахбаз Шарифпен жүргізген келіссөздер нәтижесінде Астана мен Исламабад арасындағы қарым-қатынасты жаңа стратегиялық деңгейге көтеру жөніндегі Бірлескен декларацияға қол қойылғанын атап өтті. Бұл қадам бауырластық байланыстарды толық айқындап, екі елдің барлық бағыт бойынша ықпалдастықты ұдайы кеңейтуге бейіл екенін байқатады.

Асиф Али Зардари екі ел арасындағы ынтымақтастықтың даму деңгейін жоғары бағалап, Пәкістан тарапының өзара тиімді ықпалдастықты одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

Тараптар екіжақты күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасып, ұзақмерзімді қарым-қатынасты кеңейтуді жаңа бағыттарын белгіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев сапар қорытындысы қос халықтың өркендеуі жолында Қазақстан мен Пәкістан арасындағы серіктестікке тың серпін беретініне сенім білдірді. Исламабадта өткен салтанатты іс-шарада Пәкістан Президенті Асиф Али Зардари мен Премьер-министрі Шахбаз Шариф Мемлекет басшысын Nishan-e-Pakistan орденімен марапаттады.

Награда ел дамуына ерекше үлес қосқан Пәкістан азаматтарына және шетелдік мемлекет, саясат, сондай-ақ қоғам қайраткерлеріне беріледі.

Жиынға Пәкістанның Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, Қарулы күштерінің жоғары басшылық құрамы және дипломатиялық корпус өкілдері қатысты.

## ПРЕЗИДЕНТ БЕЙНЕҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шейх Заид атындағы «Адамзат бауырластығы» сыйлығын тапсыру рәсіміне қатысушыларға бейнеүндеу жолдады.



Мемлекет басшысы Абу-Дабиде өткен салтанатты іс-шарада көрсетілген бейнеүндеуінде Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев пен Армения Премьер-министрі Никол Пашиняны шейх Заид атындағы «Адамзат бауырластығы» сыйлығына ие болуымен құттықтады. Қазақстан Президенті бұл марапат олардың парасатты қожабашылығына берілген баға екенін атап өтті.

— Әзербайжан мен Арменияның бейбіт келісім жолында қол жеткізген жетістігі тарихтың бетбұрыс кезеңі саналады. Бұл қадам диалог жүргізіп, жауапкершілік пен ұстамдылық таныта білсек, ұзақ жылдарға созылған қақтығыстың да түйінін тарқатуға болатынын дәлелдейді. Мемлекеттердің жік-жікке бөлінуі ұлғайып, өзара қарым-қатынастарға көптеп сызат түсе бастаған заманда бұл тәжірибенің маңызы зор. Өйткені аталған мысалдан татуласудың әлсіздік емес, мықтылықтың белгісі екенін көреміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент үндеуде Қазақстан тарапының мемлекетімізге артылған сенімді, соның ішінде Әзербайжан мен Армения арасындағы бейбіт келісімдердің негізгі бір кезеңін Алматыда өткізу туралы шешімді жоғары бағалайтынын жеткізген.

— Бұл жағдай «сындарлы диалог — орнықты дамудың кепілі» деген ортақ көзқарасымызды айғақтайды. Қазақстан Еуразия кеңістігіндегі және одан тысқары жерлердегі бейбітшілікті, сенім мен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бастамаларды дәйекті түрде қолдап келеді, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сыйлықтың бейбітшілікті нығайту ісінде айрықша рөл атқаратынына назар аударып, аталған құндылықтарды ұдайы ілгерілеткені үшін БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянға ризашылығын білдірді.

— Шейх Заид бен Сұлтан Әл Нахаянның толеранттық, өзара құрмет пен бейбіт қатар өмір сүру идеяларына негізделген өшпес өнегесі осы марапатта көрініс тапқан. Бұл қағидалар нақты саяси нәтижеге ұласып отыр. Әзербайжан мен Армения арасында бейбітшілік орнап, ынтымақтастықтың жандануы осы кастерлі аманатқа жаңа мазмұн дарытып, оның аймақтан тыс жерлерде де өзекті екенін көрсетті. Халықаралық қатынастардағы пәрменді құрал ретінде дипломатияға сенімді күшейте түсті, — деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президентінің пікірінше, Әзербайжан мен Армения басшыларының бейбітшілік орнатуға деген шынайы ниеті миллиондаған адамға үміт сыйлады, тату көрішілік қатынастар мен тұрақтылық жаһандық күн тәртібінде әрдайым маңызды екенін әлемдік қауымдастыққа анық аңғартты.

Шейх Заид атындағы «Адамзат бауырластығы» сыйлығы — 2019 жылы тағайындалған тәуелсіз халықаралық марапат. Оның мақсаты — бейбітшілікті, өзара түсіністікті нығайтуға, сондай-ақ халықтар мен мәдениеттер арасындағы ынтымақ пен татулықты дәртіптеуге елеулі үлес қосқан тұлғаларды ынталандыру.

Әр жылдары Рим Папасы Франциск, БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш, ІМАД қауымдастығының негізін қалаушы әрі экстремизммен күрес бойынша белсенді Латифа Ибн Зиятен, Иордания Королі II Абдалла, Патшайым Рания және басқа да қайраткерлер сыйлық лауреаттары атанды.





5 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ



## ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ ҚАРАЛДЫ

«AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Жол карталарының орындалу барысы Партиялық бақылау комитетінің отырысында қаралды. Отырыста Ақтөбе, Қостанай және Ұлытау облыстарында бағдарламаны жүзеге асыру нәтижелері талданды.

«AMANAT» партиясы Партиялық бақылау комитетінің төрағасы Павел Казанцев елімізде жаңа Конституция жобасы ұсынылғанын еске салды. Партия дайындық кезеңінде өңірлермен, азаматтармен, мақсатты топтармен және бастауыш партия ұйымдарымен тығыз өзара іс-қимыл орната отырып, белсенді атсалысқанын атап өтті.

«Жаңа Конституция мәтінін әзірлеу кезеңінде партия өңірлермен, азаматтармен, мақсатты топтармен және бастауыш партия ұйымдарымен барынша тығыз әрі мазмұнды байланыс орнатты. Алда түсіндіру және референдум өткізуіне қатысты ауқымды жұмыс күтіп тұр. Партиялық бақылау жүйесінің барлық ресурстары осы науқанды қамтамасыз етуге бағытталады. Себебі референдумға дайындық және оны өткізу барысы нақты, ашық әрі азаматтармен тікелей диалогқа сүйене отырып ұйымдастырылуы партия үшін аса маңызды», — деді Павел Казанцев.

Отырысқа аймақ әкімдерінің орынбасарлары, партиялық құрылымдардың өкілдері және партияның орталық

аппаратының бейінді бөлімшелері қатысты. Партиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары Майра Айсина үш өңір бойынша жинақталған деректерді ұсынды. Жалпы алғанда, бағдарламаны жүзеге асыру барысы жүйелі сипатқа ие. Алайда бірқатар бағыт бойынша басқарушылық және ұйымдастырушылық сипаттағы мәселелер бар.

Ең өзекті мәселелер білім беру, денсаулық сақтау, жол құрылысы және инженерлік желілер салаларындағы инфрақұрылымдық жобаларда байқалады. Негізгі себептер — қаржының уақытылы бөлінбеуі, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу барысында созылып кетуі, мердігерлермен болған сот даулары және жұмыс қарқынының төмендігі.

Ақтөбе және Қостанай облыстарындағы Жол карталарында орындалу мерзімі шегерілген және орындалмаған тармақтар бар. Соның ішінде әлеуметтік маңызы бар нысандар бойынша мәселелер тіркелді. Ұлытау облысында инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру барысында қиындықтар сақталуда.

Комитет өңір ауқымы немесе жобалардың күрделілігі жүйелі іріктістерге ақтап ала алмайтынын атап өтті.

Талқылау барысында әкімдіктердің өкілдері артта қалу мәселесін жою, проблемалық нысандар құрылысын аяқтау және жол карталарын өзектендіру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады.

Отырысты қорытындылай отырып, Павел Казанцев партиялық бақылау комитеті сайлауалды міндеттемелердің орындалуына жауапкершілік жүктейтін құрал екенін атап өтті.

«Біз қай жерде жағдай бақылауға алынғанын, ал қай жерде проблемалар ұшығып бара жатқанын көріп отырмыз. Міндеттемелердің орындалмау себебі көбіне формалды түрде объективті болып көрінгенімен, талдау жүргізу барысында субъективті сипатқа ие болып шығады. Көп жағдайда шешім бар. Ол орындаушылардың мерзімінде нақты әрекет етуін талап етеді», — деді депутат.

Сондай-ақ ол Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп «AMANAT» партиясының орталық аппараты, өңірлік құрылымдар және жергілікті атқарушы органдардың іс-қимылын үйлестіруге арналған Жол картасының жобасы пысықталғанын хабарлады. Құжат бірінші ақпарат әзірлеуді және Жол карталарының жүзеге асырылуы жөніндегі деректерді жинақтауды көздейді.

## ФРАКЦИЯ ЖҰМЫСЫНА СЕРПІН БЕРІЛЕДІ

Шымкент қаласы мәслихатындағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының кезекті отырысы өтті. Жиынға партияның қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Ербол Байқонысов, фракция жетекшісі Талғат Балтабаев және фракция мүшелері қатысты.



Отырысты Ербол Байқонысов жүргізіп, алдымен жақында фракция жетекшісі болып сайланған Талғат Балтабаевты ресми түрде таныстырды. Ол жаңа жетекшінің тәжірибесі мен жауапкершілігі фракция жұмысына серпін беретініне сенім білдіріп, алдағы қызметіне сәттілік тіледі.

«Фракция — партия саясатын мәслихат деңгейінде нақты іске асыратын маңызды алаң. Сондықтан депутаттардың бірілігі мен жауапкершілігі қала тұрғындары үшін шешілетін мәселелердің сапасына тікелей әсер етеді», — деді Ербол Байқонысов.

Өз кезегінде Талғат Балтабаев сенім білдірген өріптестеріне алғыс айтып, фракция жұмысының тиімділігін арттыру бағытында бірлесу еңбек ететінін жеткізді. Жиынның күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Біріншісі — елімізде жүргізіліп жатқан Конституциялық реформалар, екіншісі — Шымкент қаласындағы тұрғын үйлі реновациялау бағдарламасының жүзеге асырылуы.

Талқылау барысында Қазақстанда қолға алынған реформалар мемлекеттік

басқарудың тиімділігін арттыруға және «Әділетті Қазақстан» қағидаттарын орнықтыруға бағытталғаны атап өтілді. Мәслихат депутаттары жаңа Конституция заман талабына сай қабылданғанын айтып, бұл бастамаларға қолдау білдірді.

Сонымен қатар тұрғын үйді реновациялау бағдарламасы аясында қоныс аударған азаматтардың жаңа, қолайлы баспанамен уақытылы қамтамасыз етілуін қатаң бақылауға алу қажеттігі айтылды. Депутаттар көшіру, бұзу және құрылыс жұмысының барлығы заң талаптарына сай жүргізілуі тиіс екенін атап өтті.

Жиын соңында «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» атты қалалық сайлауалды бағдарламасын іске асыруға бағытталған Жол картасының 2026 жылға жоспарланған тармақтарын мерзімінде әрі сапалы орындау міндеті жүктеліп, бұл бағыттағы жұмыстарды тұрақты бақылауда ұстау қажеттігі тапсырылды.

## ТҰРҒЫНДАР ҚОЛАЙЛЫ ӨМІР САПАСЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, ауылдарды таза ауызсумен және табиғи газбен қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып белгіленген. Осы орайда «AMANAT» партиясы ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымдық дамуын азаматтардың өмір сапасын жақсартудың басты тетігі деп біледі. Партия бекіткен сайлауалды бағдарламаны Түркістан облысында іске асыру жөніндегі Жол картасында өңір елді мекендерін толық газдандыру міндеттері белгіленіп, бұл жұмыстар кезең-кезеңімен іске асырылуда.

Партияның кешенді жоспары шеңберінде Сарыағаш ауданында инженерлік инфрақұрылымды дамытуда жүйелі әрі нақты жұмыстар жүзеге асырылып отыр. Осы бағытта қолға алынған жобалардың нәтижесінде Жылға ауылдық округіне қарасты Шайхана және Қарақалпақ елді мекендері табиғи газ жүйелеріне қосылды. Әлеуметтік маңызы бар жобаның арқасында аталған елді мекендердің тұрғындары қолайлы өмір сапасына қол жеткізді.

Ауыл тұрғындары үшін тарихи сәт ізгі іс-шараға Сарыағаш ауданының әкімі Арман Абдуллаев, Түркістан облыстық мәслихатының депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Уалихан Рахиев, Жәнібек Сүлейменов, аудандық мәслихат төрағасы Рысбек Асылбекұлы, партияның Сарыағаш аудандық филиалының төрағасы Шермат Ибрагимов, жауапты сала өкілдері қатысып, ауыл тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында ел тұрғындары атқарылған жұмыстарға ризашылықтарын білдіріп, ауыл ақсақалдары елдің амандығын тілеп, ақ бағаларын берді.

Аудан әкімі Арман Абдуллаев аудандағы шалғай елді мекендерді газбен қамту инфрақұрылымдық дамуы қамтамасыз етіп қана қоймай, азаматтардың жайлы өмір сапасын қамтамасыз ететін әлеуметтік жоба екеніне тоқталды.

— Қазір шалғай елді мекендерді электр энергиясымен, табиғи газбен және ауызсумен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Ауданда инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы ауқымды жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді, — деді Арман Абдуллаев.

Ауыл азаматтарын тарихи сәтпен құттықтаған Түркістан облыстық мәслиха-

тының депутаты, фракция мүшесі Уалихан Рахиев ауылдарды газбен қамту жобасы партиялық бақылауда болғанын атап өтті.

— Бұл нысан «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасы аясында жүзеге асты. Құрылыс барысы партия тарапынан тұрақты бақылауда болды. Нәтижесінде, халық күткен жоба уақытында аяқталып, тұрғындар көгілдір отынға қол жеткізді. Партияның Жол картасында облыс елді мекендерін толығымен табиғи газбен қамту міндеті нақты белгіленген. Бүгінгі іске қосылған нысандар сол міндеттің нақты орындалып жатқанын көрсетеді, — деді ол.

Шайхана және Қарақалпақ елді мекендерін газдандыру жұмыстары бытырғы жылғы ақпан айында басталған болатын. Осы жобаны іске асыруға мердігер ұйымдар — «Бак-Ерке строй» ЖШС мен «Нытмак-ОК» ЖШС жұмылды. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде қос елді мекенде 207 абонент табиғи газға қосылды.

Атап өтуіміз қажет, қазір Сарыағаш ауданына қарасты 63 елді мекеннің 55-і табиғи газбен қамтылған, бұл жалпы көрсеткіштің 87,3 пайызын құрайды. Сонымен қатар 3 елді мекенде газбен қамту бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілуде, ал 5 елді мекенде жобалау-сметалық құжаттамалар әзірленуде. Аталған жобалардың тапсырыс берушісі — Сарыағаш ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі.

«AMANAT» партиясы бұл бағыттағы жобаларды алдағы уақытта да тұрақты бақылауда ұстап, халықтың тұрмысын жақсартуға бағытталған бастамаларды қолдауын жүйелі түрде жалғастыра берді.

## ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ – ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН АЛАҢ



Осы аптада «AMANAT» партиясының қоғамдық қабылдау алаңдары тұрғындармен тікелей диалог орнатуың тиімді тетігі екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Анало, Семей, Шымкент қалаларының, сондай-ақ өзге де өңірлердің тұрғындары депутаттар мен әкімдік өкілдеріне қауіпсіздікке, қаржылық тұрақтылыққа және әлеуметтік қорғауға қатысты өзекті мәселелермен жүгінді.

Мәселен, партияның орталық аппаратының қоғамдық қабылдау алаңында Мәжіліс депутаттары екі қабылдау өткізді. Сейсенбі күні елорда тұрғыны Мәжіліс депутаты Жарқынбек Амантайға мүлік иелері бірлестігі туралы заңнамаға қатысты мәселелерін білдірді. Оның айтуынша, қолданыстағы нормалар қарапайым азаматтарға бірқатар қиындық туғызуда. Осыған байланысты қала тұрғыны заңнаманы жетілдіру мәселесі бойынша ұсыныстарын білдірді. Сондай-ақ қабылдау барысында кәсіпкер өзіне тиесілі дүкенді рейдерлік жолмен тартып алу әрекеті туралы мәлімдеді. Депутат бұл мәселені жеке бақылауға алып, тиісті тергеу жүргізу және шара қабылдау үшін құзырлы органдарға ақпарат жолдады.

Қабылдау кезінде интернет-алаяқтық мәселесіне де ерекше назар аударылды. Жалғыздікті ана өз атына белгісіз тұлғалар шамамен 19 млн теңге көлемінде несие рәсімдегенін айтты. Депутат азаматтарға қандай қорғаныс тетіктері қолжетімді екенін жан-жақты түсіндірді. Сонымен қатар қабылдау барысында ерекше қа-

жеттілігі бар балаларды емдеу жұмысын ұйымдастыру мәселесі де талқыланды.

Бейсенбі күні Мәжіліс депутаты Еркін Әбіл азаматтарды қабылдады. Елорда тұрғындары бизнеске қатысты рейдерлік әрекеттер, несие жүктемесі, жұмысқа орналасу және медициналық көмек мәселелерін көтерді. Өзекті мәселелердің бірі — қарыз жүктемесі бар азаматтарға төлем кестесін рәсімдеу. Еркін Әбіл жағдайлы реттеуге қатысты нақты қадамдарды түсіндірді. Сондай-ақ жұмысқа орналасу және әлеуметтік қолдау алу мүмкіндіктері, оның ішінде еңбек құқығы мен мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламалары талқыланып, түрлі кеңес берілді. Барлық өтініш тіркеліп, оларды заң аясында шешу жолдары егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Өңірлік қоғамдық қабылдау бөлмелері де тұрғындармен белсенді жұмыс жүргізді. Шымкентте қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында азаматтарды жеке қабылдады. Тұрғындар білім беру, мәдениет және әлеуметтік инфрақұрылым мәселелерін көтерді. Ауған соғысының ардагерлері

№127 мектепке бір батырдың есімін беруді ұсынды. Депутат қазір білім беру ұйымдары мен көшелерге атау беруге мораторий бар екенін түсіндіріп, бұл мәселенің алдағы уақытта қаралатынын атап өтті.

Шымкент қалалық мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Қайрат Имашев кәсіпкерлік, инфрақұрылым және әлеуметтік сала мәселелері бойынша жеке қабылдау өткізді. Қала тұрғыны жауын-шашын кезінде жүріп-тұру қиындайтын көшеде арық жүйесін жүргізуге көмек сұрады. Депутат аудан әкімдігімен жедел байланыс орнатып, мәселені нақтылау және шешімін жеделдету бойынша тиісті шара қабылдады.

«Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында Қостанайда қалалық мәслихат депутаты Дмитрий Павленко азаматтарды жеке қабылдап, әлеуметтік және құқықтық мәселелерді талқылады. Тұрғындар жұмысқа орналасу, таныстарына уақытша берілген үй жануарларын қайтару, сондай-ақ жұмыспен қамтуды қолдау бағдарламаларына қатысу мүмкіндіктері туралы өз сұрақтарын қойды. Өрбір өтініш ісесіне түсініктеме беріліп, бірқатар мәселе кешенді түрде қарау үшін депутаттың жеке бақылауына алынды.

Семейде қалалық мәслихат депутаты Акмарал Мұрат азаматтарды қабылдап, тұрғын үймен қамтамасыз ету, материалдық көмек көрсету және жұмысқа орналасу мәселелеріне назар аударды. Жұмысынан айырылып, күтпеген шығындарға байланысты қиын қаржылық жағдайға тап болған азаматтардың мәселесіне назар аударды. Депутат оған «Қарызсыз қоғам» партиялық жобасы сарапшыларынан жеке кеңес алу арқылы қаржылық сауаттылықты арттыру және қарыз мәселесінің алдын алу жолдарын ұсынды.

Батыс Қазақстан облысында әкімдердің орынбасарлары жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, тұрғын үй жағдайы және әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша азаматтарды қабылдады. Барлық өтініш бойынша жан-жақты түсініктеме беріліп, проблемалық сұрақтар салалық ведомстволардың бақылауына алынды. Ал тым күрделі жағдайлар кезінде сарапшылар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің қатысуымен бірлескен кездесулер ұйымдастырылды.







